

## Қазақстан Республикасының Орман Кодексі

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің он екінші сессиясында 1993 жылдың 23 қаңтарында қабылданды. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі N 477-ІІ Кодексімен.

## **Бірінші бөлім**

### **Жалпы ережелер**

#### **I тарау. Негізгі ережелер**

##### **1-бап. Орман заңдарының міндеттері**

1. Қазақстан Республикасы орман заңдарының міндеттері ормандардың экологиялық және ресурс қуатын арттыру, орман ресурстарын ұтымды және сарқылмайтын етіп пайдалану, оларды сақтау, қорғау және ұлғайта өсіру жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында орманды иелену, пайдалану, жұмсау жөніндегі қатынастарын реттеу, орман қатынастары саласында заңдылықты нығайту болып табылады.

2. Орман қатынастарын реттеу орман биосфераның, ғаламдық экологиялық, әлеуметтік және экономикалық мәні бар аса маңызды бөліктерінің бірі екені, оның жай-күйі Жер бетіндегі тіршілік жағдайын айқындайтыны негізге алына отырып, жүзеге асырылады.

##### **2-бап. Орман заңдары**

1. Қазақстан Республикасында орман қатынастары осы Кодекспен, соған сәйкес шығарылатын Қазақстан Республикасының заңдарымен және басқа да нормативті актілерімен реттеледі.

2. Жер және су қатынастары, сондай-ақ өсімдіктер (ормандардан басқа) және жануарлар дүниесін, жер қойнауын, атмосфералық ауаны сақтау және пайдалану жөніндегі қатынастар Қазақстан Республикасының арнайы заңдарымен реттеледі.

##### **3-бап. Орман қоры**

1. Барлық ормандар, сондай-ақ орман ағаштары өспейтін, бірақ орман шаруашылығының мұқтажы үшін берілген жерлер Қазақстан Республикасының орман қорын құрайды.

2. Қазақстан Республикасының орман қорына мыналар кірмейді:

1) ауылшаруашылық мақсаттағы жерлерде өскен жеке түп ағаштар мен шоқ

ағаштар, аграрлық-орман мелиоративтік екпелер, тал-шілік өсімдіктер;

2) темір жолға, автомобиль жолдарына, каналдарға, магистральдық құбырлар мен басқа да арналы құрылыстарға бөлінген белдеулердегі қорғаныш екпелері;

3) қалалық ормандардан басқа, қалалар мен басқа да елді мекендердегі жеке түп ағаштар мен көгалдандыру екпелері;

4) үй маңындағы, саяжай мен бау-бақша учаскелеріндегі жеке түп ағаштар мен шоқ ағаштар;

5) арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер.

Аталған екпелерді пайдалану, оларды сақтау мен күту басқа заң актілерімен реттеледі.

#### **4-бап. Орман қорының жерлері**

1. Орман қоры жерлері құрамында мынадай жерлерге бөлінеді:

орманды жерлер (ағаш өскен, сондай-ақ ағаш өспеген - ағашы кесілген жерлер, өртең жерлер, ағашы селдір жерлер, алаңқай жерлер, бос жерлер, тұтаспаған орман дақылдары және басқалары);

ормансыз жерлер (ауыл шаруашылығының пайдаланатын жерлері, жолдар, кварталдық орман жолдары, өртке қарсы жарма жерлер және басқалары).

2. Орман қоры жерлерінің шекарасы орман орналастыру материалдары негізінде жерге орналастыру жұмыстарын жүргізген кезде белгіленеді және анықталады.

#### **5-бап. Ормандарға меншік**

1. Қазақстан Республикасында ормандар тек қана республика меншігінде болады.

2. Ормандарды иеленуді, жұмсауды және пайдалануды Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі тікелей немесе халық депутаттарының жергілікті Кеңестері арқылы, Қазақстан Республикасының Үкіметі, жергілікті жерлердегі атқарушы өкімет органдары және орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органдар осы Кодекс белгілеген құзыреттер шегінде жүзеге асырады.

3. Орман қоры учаскелерін пайдалануға беру және орманға меншік құқығын іске асыру жөніндегі басқа да әрекеттер жасау орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органдардың міндетті түрде қатысуы жағдайында жүзеге асырылады.

#### **6-бап. Орман қоры учаскелеріне иелік ету**

1. Орман қоры учаскелері тұрақты иелік етуге мемлекеттік орман шаруашылығы кәсіпорындарына, мекемелері мен ұйымдарына, сондай-ақ мемлекеттік табиғи қорықтарға, мемлекеттік табиғи резерваттарға, мемлекеттік ұлттық табиғи парктерге және мемлекеттік табиғи парктерге орман шаруашылығын жүргізу үшін беріледі.

Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен орман шаруашылығын жүргізу үшін орман қорының учаскелері басқа да заңды ұйымдар мен нақты адамдар иелігіне берілуі мүмкін.

2. Орман қоры учаскелерін иелік етуге беруді Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органының ұсынысы бойынша жергілікті атқарушы өкімет органдары өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

3. Орман қорының учаскелеріне иелік ету құқығы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес берілетін мемлекеттік актімен куәландырылады.

**ЕСКЕРТУ. 6-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.05.11. N 381 Заңымен .**

**ЕСКЕРТУ. 6-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 Заңымен .**

### **7-бап. Орман қоры учаскелері иелерінің құқықтары**

Орман қоры учаскелерінің иелері:

- 1) орман пайдалануды және өзге де шаруашылық қызметін жүзеге асыруға;
- 2) өздерінің иелігіндегі орман қорының жерлеріндегі жерді, суды, жалпыға мәлім пайдалы қазбаларды, жануарлар дүниесін және табиғаттың өзге де объектілерін белгіленген тәртіппен пайдалануға;
- 3) жобалық және техникалық құжаттамаларға сәйкес орман шаруашылығын жүргізу және орман пайдалануды жүзеге асыру үшін қажет үйлер мен құрылыстар салуға;
- 4) өздері әзірлеген өнімді және оны өткізуден алынған табысты меншіктеуге;
- 5) ағаш кесу билеттерін, ордерлерін немесе орман билеттерін бере отырып, бұл үшін бөлінген учаскелерде заңды ұйымдар мен нақты адамдардың орман пайдалануына және басқа шаруашылық қызметін жүзеге асыруына құқық беруге;

б) мемлекеттік немесе қоғамдық мұқтаждар үшін орман қоры жерлерін алып қою, сондай-ақ орман өсімдіктері үшін залалды заттар бөлетін объектілерді салу мен пайдаланудан туатын ормандар сапасының нашарлауы салдарынан шеккен зияндар көлемін толық өтеуге құқылы.

### **8-бап. Орман қоры учаскелері иелерінің міндеттері**

Орман қоры учаскелерінің иелері:

- 1) орман шаруашылығын қолданылып жүрген орман заңдарына және орман шаруашылығы қызметін реттейтін басқа нормативтік құжаттарға, сондай-ақ орман орналастыру құжаттамаларына сәйкес жүргізуге;
- 2) ормандарды ұдайы ұлғайта өсіруді, сақтауды, қорғауды, санитарлық жай-күйін жақсартуды, оларды күтіп-баптауды, ормандардың өнімділігі мен орман топырағының құнарлылығын арттыруды, орман пайдалану ісін

ұйымдастыруды, орман орналастыруды жүргізуді, ормандар мен аңшылық жануарлар дүниесін есепке алуды қамтамасыз етуге;

3) орман қорының ресурстық қуатын ғылыми негізделген нормалар шегінде пайдалануға;

4) жұмысты орманның табиғи ортаны туғызатын және табиғи ортаны қорғайтын қызметтерін сақтауды, сондай-ақ екпе ағаштарды, емдік, тағамдық және техникалық шикізатты дер кезінде қалпына келтіру жағдайларын қамтамасыз ететін экологиялық жағынан оңтайлы әдіс-тәсілдермен жүргізуге, ормандарды, жануарлар дүниесін ұтымды пайдалану, ұлғайта өсіру, сақтау және қорғау жөніндегі осы Кодексте, Қазақстан Республикасының басқа да заңдық және нормативтік актілерінде көзделген өзге де талаптарды орындауға;

5) орман қоры аумағын өртке қарсы және санитарлық жағынан оңтайлы орналастыруды қамтамасыз етуге, ормандарда өрт қауіпсіздігі, орман пайдалануды жүзеге асыру ережелерін бұзудың, сондай-ақ орман заңдарын басқа да бұзушылықтардың алдын алуға, оларды дер мезгілінде айғақтап, тыйып отыруға, орман өрттерін сөндіру, орман зиянкестері мен ауруларына қарсы күресу жөнінде қажетті шаралар қолдануға міндетті.

### **9-бап. Орман қорының учаскелерін иелену құқығын доғару**

1. Орман қорының учаскелерін иелену құқығы мынадай жағдайларда:

1) иеліктен өз еркімен бас тартқанда;

2) орман қорының учаскелері иелігінде болған кәсіпорын немесе өзге шаруашылық қызмет субъектісі қызметін тоқтатқанда;

3) орман қорының жерлерін мемлекеттік немесе қоғамдық мұқтаждар үшін белгіленген тәртіп бойынша алып қойғанда;

4) орман қорының учаскелерін мақсатына қарай пайдаланбағанда;

5) орман шаруашылығын тиімсіз жүргізу салдарынан ормандардың жай-күйінің нашарлауына, олардың суды сақтау, қорғау, климатты реттеу, сауықтыру және өзге де пайдалы қасиеттерін төмендетуге, орманды нашар сақтауға әкеліп соқтырғанда доғарылады.

2. Қазақстан Республикасының заңдарында орман қорының учаскелерін иелену құқығын доғарудың басқа да жағдайлары көзделуі мүмкін.

## **II тарау. Халық депутаттары кеңестерінің орман қатынастарын реттеу саласындағы құзыреті**

### **10-бап. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің құзыреті**

Орман қатынастарын реттеу саласында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қарауына:

1) орманға меншік құқығын жүзеге асыру;

- 2) Қазақстан Республикасының орман заңдарын әзірлеу мен жетілдіру;
- 3) мемлекеттік орман саясатын айқындау;
- 4) орман ресурстары үшін ақы төлеу принциптерін белгілеу;
- 5) республика облыстарының арасында орман қатынастарын реттеу;
- 6) орман заңдарын сақтауды бақылау жатады.

#### **11-бап. Халық депутаттары облыстық Кеңесінің құзыреті**

Облыстың әкімшілік шекарасында халық депутаттары облыстық Кеңесінің қарауына:

- 1) облыс халық шаруашылығы салаларының жалпы кешенінде орман шаруашылығын дамыту бағдарламалары мен жоспарларын бекіту;
- 2) қосалқы орман материалдары мен орманды жанама пайдаланғаны үшін ақы мөлшерлерін белгілеу;
- 3) орман шаруашылығын жүргізуді бақылау жатады.

#### **12-бап. Халық депутаттары аудандық, қалалық Кеңесінің құзыреті**

Ауданның, қаланың әкімшілік шекарасында халық депутаттары аудандық, қалалық Кеңесінің қарауына:

- 1) аудан халық шаруашылығы салаларының жалпы кешенінде орман шаруашылығын дамытудың бағдарламалары мен жоспарларын бекіту;
- 2) орман шаруашылығын жүргізуді бақылау жатады.

### **III тарау. Ормандарды мемлекеттік басқару және олардың жай-күйін, ұлғайта өсірілуін, сақталуын, қорғалуы мен пайдаланылуын бақылау**

#### **13-бап. Орман шаруашылығын мемлекеттік басқару**

Қазақстан Республикасы аумағында орман шаруашылығын жүргізу және орман ресурстарын пайдалану саласындағы мемлекеттік басқаруды Қазақстан Республикасының Үкіметі, жергілікті жерлердегі атқарушы өкімет органдары, орман шаруашылығын басқарудың мемлекеттік органдары жүзеге асырады.

#### **14-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына:

- 1) мемлекеттік орман саясатын іске асыру;
- 2) ормандарды қорғаныш топтары мен категорияларына жатқызу және оларды бір топтан немесе категориядан басқасына көшіру;
- 3) орман пайдаланудың, өсіп тұрған ағашты босатудың, ағаш кесудің, ормандарды ұлғайта өсірудің, сақтау мен қорғаудың нормаларын, нормативтері мен ережелерін бекіту;
- 4) басқа да табиғат сақтау шараларының кешенінде ормандарды ұтымды

пайдалану, ұлғайта өсіру, сақтау мен қорғау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды бекіту және олардың орындалуын бақылау;

5) орман мониторингін, орман қорының мемлекеттік орман кадастры мен мемлекеттік есебін жүргізуді ұйымдастыру;

6) орман шаруашылығы саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

7) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің құзыретіне жатпайтын басқа мәселелер бойынша орман қатынастарын реттеу жатады.

### **15-бап. Жергілікті атқарушы өкімет органдарының құзыреті**

1. Облыстық әкімшілік шекарасында облыстық атқарушы өкімет органының қарауына:

1) Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органдарының келісімімен орман қорынан жер учаскелерін алу;

2) орман шаруашылығын басқарушы облыстық мемлекеттік органның ұсынуы бойынша орман шаруашылығын ұйымдастыру мен дамыту жобаларын келісу;

3) орман кадастрын, мониторингін және орман қоры есебін жүргізуді ұйымдастыру;

4) ормандарды қорғаныш болудың топтары мен категорияларына жатқызу жөнінде өтініш салу;

5) осы Кодекстің 35-бабына сәйкес облыс аудандары арасында орман қоры жерлерінен шабындық және жайылымдық шүйгін жерлерді бөлу;

6) ормандарды сақтау мен қорғау шараларын орындауды ұйымдастыру;

7) ормандардың жай-күйін, ұлғайта өсірілуін, сақталуын, қорғалуын және пайдаланылуын бақылау жатады.

2. Ауданның, қаланың әкімшілік шекарасында аудандық, қалалық атқарушы өкімет органының қарауына:

1) Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органның келісімімен орман қорынан жер учаскелерін алу және орман шаруашылығын жүргізу үшін жер учаскелерін иеленуге және пайдалануға беру;

2) орман қоры учаскелерін иелену құқығына мемлекеттік актілерді беру;

3) ормандарды сақтау және оларды зиянкестер мен аурулардан қорғау жөніндегі шаралардың орындалуын ұйымдастыру;

4) осы Кодекстің 35-бабына сәйкес орман қоры жерлерінен шабындық және жайылымдық шүйгін жерлер бөлу;

5) ормандардың жай-күйін, ұлғайта өсірілуін, сақталуын, қорғалуын және пайдаланылуын бақылау жатады.

## **16-бап. Орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органдардың құзыреті**

1. Қазақстан Республикасы орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органның қарауына:

- 1) орман шаруашылығы саласында ғылыми-техникалық саясатты жүргізу;
- 2) орман ұлғайта өсіру, сақтау, қорғау және пайдалану саласындағы нормативтік құжаттарды әзірлеу;
- 3) орман шаруашылығын дамытудың республикалық бағдарламаларын әзірлеу мен оны орындауды ұйымдастыру;
- 4) табиғатты үздіксіз әрі сарқылмастай пайдалану принциптері негізінде орман шаруашылығын жүргізуді, орман ресурстарын ұтымды пайдалануды ұйымдастыру;
- 5) ормандардың жай-күйіне, ұлғайта өсірілуіне, сақталуына, қорғалуына және пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды ұйымдастырып, жүзеге асыру;
- 6) есепке алынған ағаш кесетін жерді бекіту;
- 7) орман шаруашылығы саласында ғылыми зерттеулер мен жобалық-іздістіру жұмыстарын ұйымдастыру;
- 8) орман мониторингін, мемлекеттік орман кадастрын, ормандар мен орман орналастырудың мемлекеттік есебін жүргізу;
- 9) егер Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне жатпайтын болса, орман шаруашылығын басқару жөніндегі басқа да мәселелерді шешу жатады.

2. Облыс аумағында облыстық орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органның қарауына:

- 1) орман шаруашылығын жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- 2) орман шаруашылығын жүргізу жөніндегі ғылыми-техникалық саясатты жүзеге асыру;
- 3) ормандардың жай-күйіне, ұлғайта өсірілуіне, сақталуына, қорғалуына және пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 4) орман шаруашылығын дамытудың бағдарламаларын әзірлеу мен орындау;
- 5) орман мониторингін, мемлекеттік орман кадастрын, орман қорының, орман орналастыру мен орман шаруашылығын жобалаудың мемлекеттік есебін жүргізу;

6) мемлекеттік орман шаруашылығы кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының орман шаруашылығы қызметі нәтижесінде аяқталған объектілерді және өндірілген дайын өнімдерді қабылдау;

7) Қазақстан Республикасы орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік орган анықтайтын орман шаруашылығын басқару жөніндегі басқа мәселелерді шешу жатады.

3. Өздерінің құзыреті шегінде қабылданған орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органдар шешімдері барлық орман иеленушілер мен орман

пайдаланушылардың орындауы үшін міндетті болады.

4. Орман шаруашылығын басқару саласындағы мемлекеттік орман шаруашылығы кәсіпорнының, мекеме мен ұйымының құзыреті белгіленген тәртіпте бекітілетін олардың қызметі туралы Ережемен анықталады.

### **17-бап. Ормандардың жай-күйіне, ұлғайта өсірілуіне, сақталуына, қорғалуына және пайдаланылуына мемлекеттік бақылау**

1. Ормандардың жай-күйіне, ұлғайта өсірілуіне, сақталуына, қорғалуына және пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органдар, сондай-ақ өз құзыреті шегінде арнайы өкілеттігі бар Қазақстан Республикасының өзге де органдары жүзеге асырады және орман заңдарының талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген өзге де нормалар мен ережелерді сақтауын қамтамасыз етуді өзінің міндеті деп біледі.

2. Ормандардың жай-күйіне, ұлғайта өсірілуіне, сақталуына, қорғалуына және пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

## **Екінші бөлім**

### **Орман шаруашылығын ұйымдастыру**

#### **IV тарау. Орман шаруашылығын ұйымдастыру негіздері**

##### **18-бап. Орман шаруашылығын ұйымдастыру негіздері**

Орман шаруашылығын ұйымдастыруға мыналар жатады:

- 1) ормандарды қорғаныш топтары мен категорияларына бөлу;
- 2) ормандарда ағаштың толысу мерзімін және кесу айналымын белгілеу;
- 3) ормандарда ағаш кесу және орман ресурстарын ұлғайта өсіру жүйелерін белгілеу;
- 4) ормандарды пайдалану нормаларын белгілеу;
- 5) ормандарды сақтау мен қорғау жөніндегі шараларды белгілеу;
- 6) өзге де ұйымдық-техникалық және құқылық шаралар.

##### **19-бап. Ормандарды қорғаныш топтары мен категорияларына бөлу**

Қазақстан Республикасындағы барлық орман қорғаныштық орман болып табылады. Олардың атқаратын экологиялық, генетикалық, әлеуметтік-экономикалық қызметтері мен орналасқан жерлеріне қарай ормандарды қорғаныш топтары мен категорияларына бөлу белгіленеді. Қазақстан Республикасында ормандар бірінші және екінші топтарға бөлінеді.

##### **20-бап. Бірінші топтағы ормандар**

Бірінші топқа төмендегідей қорғаныш категорияларындағы көбінесе мынадай қызмет атқаратын ормандар жатқызылады:



1) су қорғайтын ормандар (өзен, көл, бөген және басқа да су тоғандары жағалауларындағы тыйым салынған орман белдеулері);

2) қорғаныш ормандар (эрозияға қарсы қорғаныш ормандары, темір жолдардың, республикалық және облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының бойындағы қорғаныш орман белдеулері, мемлекеттік қорғаныш орман белдеулері, айналадағы ортаны қорғау үшін айрықша маңызы бар орманды жалдар, далалық тоғайлар мен сай-саладағы ормандар, шөл, шөлейт, далалық, орманды-далалық және ағашы сирек таулы аудандардағы ормандар);

3) санитарлық-гигиеналық және сауықтыру ормандары (қала ормандары мен орманды парктер, қалалардың, басқа да елді мекендер мен өнеркәсіп орындарының төңірегіндегі жасыл аймақты ормандар, сумен жабдықтау көздерін санитарлық қорғау аймақтарының бірінші және екінші белдеулеріндегі ормандар мен курорттарды санитарлық қорғау өңірлеріндегі ормандар);

4) мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік биосфералық қорықтардың, мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің, мемлекеттік табиғи резерваттардың және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өзге де түрлерінің ормандары, ерекше құнды орман алқаптары, ғылыми маңызы бар ормандар, жаңғақ кәсіпшілігі аймақтарының ормандары, жеміс-ағаш екпелері, биік таудағы ормандар.

**ЕСКЕРТУ. 20-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.05.11. N 381 Заңымен .**

**ЕСКЕРТУ. 20-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 Заңымен .**

### **21-бап. Екінші топтағы ормандар**

Екінші топқа таулы аудандағы пайдалану маңызы шектеулі ормандар жатқызылады, олардың табиғат қорғау қызметін сақтау үшін орман пайдаланудың шектеулі тәртібі талап етіледі.

**22-бап. Ормандарды қорғаныш топтары мен категорияларына жатқызу, ормандарды қорғаныштық бір топтан немесе категориядан басқа топқа немесе категорияға көшіру, сондай-ақ ерекше қорғаныш учаскелерін бөлу**

1. Ормандарды қорғаныш топтары мен категорияларына жатқызу, сондай-ақ орман пайдалануға тыйым салынатын немесе шектелетін ерекше қорғаныш учаскелерін бөлу ормандардың экологиялық, генетикалық және әлеуметтік-экономикалық маңызына сүйене отырып жүргізіледі.

2. Ормандарды қорғаныш топтары мен категорияларына жатқызуды, сондай-ақ оларды бір топтан немесе категориядан басқа топқа немесе категорияға көшіруді Қазақстан Республикасының Үкіметі жүргізеді.

3. Барлық қорғаныш топтары мен категориялары бар ормандарда орман пайдаланудың шектеулі тәртібі бар ерекше қорғаныш учаскелері бөлінуі мүмкін.

Орманның ерекше қорғаныш учаскелері басты мақсатта пайдалану ретіндегі

ағаш кесу ережелеріне сәйкес орман орналастыру немесе арнайы зерттеулер кезінде бөлінеді.

### **23-бап. Ормандарда ағаштың толысу мерзімін және басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу айналымын белгілеу**

Ормандарда ағаштың толысу мерзімі және басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу айналымы оның пайдалану мақсатына, ағаш тұқымдары өсіп-жетілуінің биологиялық ерекшеліктеріне, сондай-ақ ағашы кесілген орманның қалпына келу мерзіміне сүйене отырып айқындалады және оны арнайы ғылыми зерттеулердің негізінде Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органы белгілейді.

### **24-бап. Есепті кеспеағаш**

1. Есепті кеспеағашты - басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу тәртібіндегі жыл сайынғы ағаш дайындау нормасын - орман орналастыру кезінде орманды үздіксіз және сарқылмастай пайдалану принциптеріне сүйене отырып, орман иелігінің әрқайсысы бойынша ұзақ мерзімге арнап белгілейді. Аудан, облыс пен республика бойынша ол орман иеліктерінің есепті кеспеағаштарының жиынтығы ретінде белгіленеді.

2. Есепті кеспеағашты Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органы облыстық атқарушы өкімет органымен, табиғатты сақтаудың мемлекеттік органдарымен келісе отырып бекітеді және орман орналастыру жұмыстары аяқталатын жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарында күшіне енеді.

3. Орман қорының шекарасы мен жай-күйі, басты мақсатта пайдалану үшін кесілетін ағаштың толысу мерзімі, ормандардың топтары мен қорғаныш категориялары өзгерген кезде есепті кеспеағашқа түзету енгізіледі. Түзету енгізілген есепті кеспеағашты белгілеу мен бекіту осы баптың бірінші және екінші тармақтарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

### **25-бап. Орманды жер учаскелерін мемлекеттік немесе қоғамдық мұқтаждар үшін алу кезінде орманды пайдалану тәртібі**

1. Орманды жер учаскелерін мемлекеттік немесе қоғамдық мұқтаждар үшін алу кезінде оларды алу жөнінде шешім қабылдаған мемлекеттік органдар сонымен бір мезгілде орманды сақтау немесе кесу туралы және орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органдар ұсыныстары негізінде осы орайда алынған сүректі пайдалану тәртібі туралы мәселені шешеді.

2. Ағашты кесу құқығы жоқ жер учаскелері берілетін заңды ұйымдар мен нақты адамдар орманның сақталуын және оны күтуді қамтамасыз етуге міндетті.

### **26-бап. Орманды жерлерді ормансыз жерлерге айналдыру**

1. Орман шаруашылығын жүргізумен және орман пайдалануды жүзеге асырумен байланысты мақсатта пайдалану үшін орманды жерлерді ормансыз

жерлерге айналдыруды орман орналастыру жобаларына сәйкес облыстық орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік орган жүргізеді.

Ағаш өспеген жерлер (алаңқайлар мен бос жатқан жерлер) топырақ құрамын зерттеу материалдары бойынша олар ағаш өсіруге жарамсыз деп табылған жағдайларда ормансыз жерлерге айналдырылуы мүмкін.

2. Орман шаруашылығын жүргізумен және орман пайдалануды жүзеге асырумен байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін орманды жерлерді ормансыз жерлерге айналдыруды ерекше жағдайларда Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсатымен жүргізеді.

### **27-бап. Ормандардың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындарды, ғимараттар мен басқа да объектілерді орналастыру, жобалау, салу және пайдалануға беру**

1. Ормандардың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындарды, ғимараттар мен басқа объектілерді орналастыру, жобалау, салу және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ жаңа технологиялық процестерді енгізу кезінде ормандарға теріс әсер ететін сарқынды судан, өнеркәсіп және коммуналдық-тұрмыстық шайындылардан, қалдықтардан және қоқыстардан ормандарды сақтауды қамтамасыз ететін шараларды көздеуге, жүзеге асыруға тиіс.

2. Ормандардың жай-күйіне зиянды әсердің алдын алатын құрылғылармен қамтамасыз етілмеген кәсіпорындарды, цехтарды, көлік жолдарын және басқа объектілерді пайдалануға беруге тыйым салынады.

### **28-бап. Орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес объектілер салу мен ормандарда жұмыс жүргізу орындарын келісу**

1. Ормандардың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындарды, ғимараттарды және басқа объектілерді салу орнын анықтау мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындылары негізінде жүргізіліп, атқарушы өкімет органдарымен, орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органдармен және басқа да мүдделі органдармен келісіледі.

2. Орман шаруашылығын жүргізумен және орман пайдалануды жүзеге асырумен байланысты емес орман қорында пайдалы қазбаларды өндіру, кабельдер, труба құбырларын және басқа да қатынас жолдарын төсеу, жару, бұрғылау және басқа жұмыстар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес атқарушы өкімет органдарымен, орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органдармен және басқа мүдделі органдармен келісім бойынша жүргізіледі.

## **Үшінші бөлім**

### **Орман пайдалану**

#### **V тарау. Орман пайдаланудың түрлері, мерзімдері және орман қоры учаскелерін пайдалануға беру**

## **29-бап. Орман пайдалану түрлері**

Орман қорында орман пайдаланудың мынадай түрлері жүзеге асырылуы мүмкін:

- 1) сүрек дайындау;
- 2) шайыр дайындау;
- 3) қосымша ағаш материалдарын (қабықтар, ағаш көктерін және басқаларын) дайындау;
- 4) ағаш шырындарын дайындау;
- 5) жанама орман пайдалану (шөп шабу, мал жаю, дәрулік өсімдіктер мен техникалық шикізат, жабайы өсетін жемістер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер және басқа да орман тағам өнімдерін дайындау мен жинау, ара ұялары мен омарта орналастыру);
- 6) орманды мәдени-сауықтыру және ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалану;
- 7) аңшылық шаруашылықтарының мұқтаждары үшін орман қоры учаскелерін пайдалану.

## **30-бап. Орман пайдалану мерзімдері**

Орман қорының пішен шабу мен мал жаюға арналғаннан басқа учаскелері бір жылға дейінгі мерзімге қысқа мерзімді және 50 жылға дейін ұзақ мерзімді пайдалануға берілуі мүмкін.

Белгіленген мерзім өткен соң ұзақ мерзімді пайдалану орман пайдаланушының ынтасы бойынша ұзартылуы мүмкін.

## **31-бап. Орман қоры учаскелерін пайдалануға беру**

1. Орман қорының учаскелері арнайы рұқсат құжаттарының: лицензияның ағаш кесу билетінің, ордердің, орман билетінің негізінде пайдалануға беріледі.

Лицензия оны иеленушінің орман қоры учаскесін ұзақ мерзімді пайдалану құқығын куәландыратын құжат болып табылады.

Ағаш кесу билеті, ордер, орман билеті бұларды иеленушінің орман ресурстарын немесе орман қоры учаскелерін қысқа мерзімді пайдалану құқығын куәландыратын құжаттар болып табылады.

2. Лицензия, ағаш кесу билеті, ордер, орман билеті осы Кодекстің 39-бабында көзделген жағдайларда күшін жоюы мүмкін.

## **32-бап. Орман пайдалануға берілетін лицензия**

1. Өзіне қоса берілетін келісімдермен бірге лицензияда мыналар көрсетілуге тиіс:

- ағаш қоры учаске шекараларының сипаттамасы;
- орман пайдаланулардың түрлері, көлемдері мен тәртібі;
- пайдаланудың мерзімдері;
- орман пайдаланушының орман ресурстарын сақтау, қорғау, ұлғайта өсіру

жөніндегі міндеттері, орман шаруашылығы шараларын қаржыландырудың шарттары мен тәртібі;

ақы мөлшері және оны төлеу мерзімдері;

орман қорының сипаттамасы және лицензия мерзімі өткеннен кейінгі оның жай-күйіне қойылатын талаптар;

мемлекеттік мұқтаждарға берілетін жеткізілімдер көлемі.

Лицензия осы кодекске қайшы келмейтін орман қорын пайдаланудың басқа да шарттарымен толықтырылуы мүмкін.

2. Лицензия Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіпте беріледі.

### **33-бап. Ағаш кесу билеті, ордер және орман билеті**

1. Ағаш кесу билеті оны иеленушіге, сүректі, шайыр және қосалқы орман материалдарын дайындау мен тасып әкетуді жүргізуге құқық беретін құжат болып табылады. Ағаш кесу билетінде босатылатын сүректің, шайыр мен қосалқы орман материалдарының сандық әрі сапалық сипаттамасы, олардың құны, жұмысты атқару мерзімдері, орманды қалпына келтіру шарттары, дайындау орындарын тазарту, дайындама технологиясына қойылатын орман өсірушілік талаптары туралы мәліметтер болады.

Ағаш кесу билетін орман қоры учаскесінің иесі береді.

2. Діңгек сүректі ұсақ мөлшерде босатуға берілетін ордер оны иеленушіге сүректі және қосалқы орман материалдарын дайындау мен тасып әкетуге құқық беретін құжат болып табылады.

Ордерді өзіне жазылып берілген ағаш кесу билеті негізінде орманшылық береді.

3. Орман билеті оны иеленушіге жанама пайдалануды жүргізуге құқық беретін құжат болып табылады. Онда учаскенің шекарасы, жанама пайдалануды жүзеге асыру түрлері, мөлшері, мерзімдері, оны жүргізудің құны мен шарттары туралы мағлұматтар мазмұндалады.

Орман билетін орман қоры учаскесін иеленуші немесе орманшылық бір маусымға береді.

### **34-бап. Орман қоры учаскелерін жалға беру**

1. Орман қорының мал жаю мен пішен шабуға арналғаннан басқа учаскелерін ұзақ мерзімді пайдалануға беру жалдау түрінде жүргізіледі.

2. Орман қоры учаскелерін жалға беруді лицензия негізінде орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органдар жүргізеді.

Орман қоры учаскелерін қосалқы жалға беруге тыйым салынады.

3. Орман қоры учаскелерін жалға беру туралы Ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

### **35-бап. Орман қорындағы шабындықтар мен жайылымдарды пайдалануға беру**

1. Орман қоры жерлерінің құрамына кіретін және орман шаруашылығының мұқтажы үшін уақытша пайдаланылмайтын шабындықтар мен жайылымдарды жергілікті жерлердегі атқарушы өкімет органдары орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органдармен келісім бойынша, - егер мұндай пайдалану орман шаруашылығы мүдделеріне сай келсе, - үш жылға дейінгі қысқа мерзімді және он жылға дейінгі ұзақ мерзімді, ал алыстағы мал шаруашылығы үшін 25 жылға дейін пайдалануға береді.

2. Пайдаланушы Орман қорында пішен шабу мен мал жаю ережелерін бұзған жағдайда, сондай-ақ орманды қалпына келтіру және ағаш өсіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу қажет болған ретте орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органдарының ұсынысы бойынша жергілікті атқарушы өкімет органдарының шешімімен бұл жерлер пайдаланудан алынуы мүмкін.

### **36-бап. Орман пайдаланушылар**

Қазақстан Республикасында заңды ұйымдар мен нақты адамдар, соның ішінде шетелдік адамдар орман пайдаланушылар бола алады.

### **37-бап. Орман пайдаланушылардың құқықтары**

1. Орман пайдаланушылардың:

1) рұқсат етілген құжаттарда көрсетілген көлемде орман пайдалануларын жүзеге асыруға;

2) жол салуға, орман өнімдерін жинау үшін алаң жабдықтауға, өндірістік, шаруашылық және әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы құрылыстар салуға, сүрек және басқа орман өнімін ұқсату үшін жабдықтар мен құрылғылар орнатуға, олардың орналасу орнын орман иеленушілермен келісе отырып, көлік тұрақтарын жасауға;

3) орман топтарының немесе қорғаныш категорияларының өзгеруі, сондай-ақ орман қоры жерінің мемлекеттік және қоғамдық мұқтаждар үшін алынуы салдарынан шеккен зиянның орнын толтыруға құқығы бар.

2. Орман пайдаланушылардың құқықтары бұзылған жағдайда оларды қорғау сот тәртібімен жүзеге асырылады.

### **38-бап. Орман пайдаланушылардың міндеттері**

Орман пайдаланушылар:

1) жұмыстарды ормандардың, басқа да табиғи объектілердің жай-күйі мен ұлғайта өсірілуіне орман пайдаланудың теріс әсерін болдырмайтын әдістермен жүргізуге;

2) топырақ эрозиясының туындауына жол бермеуге;

3) санитарлық ережелерді, өрт қауіпсіздігін сақтауға, жұмыс орындарында өртке қарсы шараларды жүргізуге, ал орман өрттері шыға қалған жағдайларда оларды сөндіруді жүзеге асыруға;

4) орман пайдалануды жануарлар әлемі мен олардың өмір сүру ортасын

сақтауды қамтамасыз ететін әдістермен жүргізуге;

5) ағаш кесетін жерлерді кесінді қалдықтарынан тазартуды жүргізуге, орман пайдалану салдарынан өзі бұзған орман қоры учаскелерін оларды тиісті мақсат бойынша пайдалануға жарамды және рұқсат құжаттарында көрсетілген күйге өз есебінен қалпына келтіруге, ағаш кескен жерде, сондай-ақ өздерінің қызметі салдарынан орман жойылған немесе оталған жерлерде орманды қалпына келтірудің шартта көзделген шараларын жүргізуге;

6) орман пайдаланғаны үшін белгіленген мерзімдерде ақы төлеуге;

7) орман заңдарында және орман пайдалану ережелерінде көзделген басқа да талаптарды орындауға міндетті.

### **39-бап. Орман пайдалану құқығын өзгерту және тоқтату негіздері**

1. Орман пайдалану шарттарын өзгертуге мынадай жағдайларда жол беріледі:

1) өрттің, дауылдың, зиянкестер мен аурулардан ағаштардың зақымдануының және орман пайдаланушыға байланысты емес басқа да факторлар салдарынан орман қоры жай-күйінің өзгеруі;

2) ормандарды бір топтан екіншісіне көшіру немесе қорғаныш категориясының өзгеруі;

3) мемлекеттік немесе қоғамдық мұқтаждар үшін орман қоры жерлерінің бір бөлігін алып қою;

4) рұқсат құжаттарында көрсетілген мерзім ішінде орман қорының көзделген көлемде пайдаланылмауы.

2. Орманды пайдалану мынадай жағдайларда тоқтатылады:

1) орман пайдаланудан ерікті түрде бас тарту;

2) орман пайдалану мерзімінің аяқталуы;

3) орман қоры учаскесі пайдалануға берілген кәсіпорын немесе шаруашылық қызметінің өзге субъектісі таратылуы;

4) мемлекеттік немесе қоғамдық мұқтаждар үшін орман қоры жерлерінің алып қойылуы;

5) орман пайдалануды орман пайдаланудың белгіленген тәртібі мен ережелерін бұза отырып жүзеге асыру;

6) орман пайдалануды ормандардың жай-күйі мен ұлғайта өсірілуіне теріс әсер ететін, олардың экологиялық қызметін нашарлататын, сондай-ақ топырақ эрозиясын және басқа орны толмас процестердің пайда болуына соқтыратын әдістермен жүзеге асыру;

7) орман пайдаланушының рұқсат құжаттарында көзделген міндеттерін орындамауы;

8) ормандарды рұқсат құжаттарында көзделген орман пайдалануды одан әрі жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтін қорғаныш топтары мен категорияларына

жатқызу;

9) орман пайдаланғаны үшін ақыны белгіленген мерзімдерде төлемеу.

3. Орман қорын пайдалану құқығын доғаруды лицензияның, ағаш кесу билетінің, ордердің, орман билетінің күшін жою арқылы осы рұқсат құжаттарын берген органдар ресімдейді.

Орман пайдаланушы орман қорын пайдалану құқығын тоқтату туралы шешіммен келіспеген жағдайда, ол сот тәртібінде оған шағымдана алады.

#### **40-бап. Орман қоры учаскелерін пайдалануға беруден бас тарту**

1. Орман пайдалануларды жүзеге асыру мүмкіндігі туралы дәлелдерді өздеріне қойылатын талаптарға сәйкес бермеген жағдайларда орман қоры учаскелерін пайдалануға беруден бас тартылуы мүмкін.

2. Бас тарту туралы шешімге сот тәртібінде шағымдануға болады.

#### **41-бап. Орман қорғанышының жекелеген категорияларында орман пайдалануды шектеу**

1. Мемлекеттік табиғи қорықтарда, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қорық және заказдық режимдегі ормандарында, орманды парктерде, қала ормандарында, жасыл аймақтардың орманды парк бөліктерінде, сумен жабдықтау көздерін санитарлық сақтау аймақтары бірінші және екінші белдеулерінің ормандары мен курорттарында, санитарлық сақтау округтері бірінші және екінші аймақтарының ормандарында, мемлекеттік орман белдеулерінде, эрозияға, қарсы ормандарда, ерекше құнды орман алаптарында, өзендер, көлдер мен су қоймалары және басқа да су объектілері бойындағы тыйым салынған орман белдеулерінде (су жайылатын жерлердегі жапырақты ағаштардан басқалар), сондай-ақ ерекше қорғалатын учаскелерде басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуге және ағаш кесудің басқа түрлеріне, осы Кодекстің 45-бабында айтылған жағдайлардан басқасында, сондай-ақ шайыр, қосалқы орман материалдары мен ағаш шырындарын дайындауға тыйым салынады.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (шаруашылық қызмет режимі реттелетін, шектелген және дәстүрлер шаруашылық қызметі аймақтарында) аймақтарында) мен жаңғақ кәсіпшілігі аймағының ормандарынан басқа, осы баптың бірінші бөлігінде аталған ормандарда мал жаюға тыйым салынады.

3. Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік табиғи резерваттар және мемлекеттік табиғи парктер (шаруашылық қызмет режимі реттелетін, шектелген және дәстүрлер шаруашылық қызметі аймақтарында), жаңғақ кәсіпшілігі аймақтары ормандарынан, жеміс ағаш екпелерінен, өзендер, көлдер, су қоймалары мен басқа су объектілері жағалаулары бойындағы тыйым салынған орман белдеулерінен басқа, осы баптың бірінші бөлігінде аталған ормандарда орманның сүректік емес өнімдерін кәсіпшілік дайындауға тыйым салынады.

4. Облыстық атқарушы өкімет органы орман шаруашылығын басқарушы



облыстық мемлекеттік органның ұсынуы бойынша осы баптың бірінші бөлігінде аталған ормандарда орман пайдаланудың бұл ормандарды пайдалану мақсатымен сыйыспайтын басқа да түрлеріне тыйым салуы мүмкін.

**ЕСКЕРТУ. 41-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.05.11. N 381 Заңымен .**

**ЕСКЕРТУ. 41-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 Заңымен .**

#### **42-бап. Азаматтардың ормандарда болуы**

1. Азаматтардың ормандарда болу тәртібі мен шарты ормандардың қандай мақсатқа арналғанымен, көріктендіру деңгейімен және орман пайдалану түрімен белгіленеді.

2. Азаматтардың ормандарда тынығу, жабайы жемістерді, жаңғақтарды, саңырауқұлақтар мен жидектерді жинау үшін тегін болуына құқығы бар.

Емдік шикізаттарды, өзге де орман өнімдерін жеке пайдалану үшін тегін жинауға жергілікті атқарушы өкімет органдары белгілеген норма шегінде рұқсат етіледі.

3. Өрт қауіпсіздігі, жаңғақ кәсіпшілігі, жеміс ағаш, ағаш тұқымы және аңшылық шаруашылығын жүргізу мүдделеріне орай азаматтардың ормандарда болуына, жабайы жемістер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер жинауына шек қойылуы мүмкін.

4. Азаматтар ормандардағы өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға, ағаштар мен бұталарды сындыруға және шабуға, орман ағаштарының зақымдануына, орманның ластануына, құмырсқа илеуінің, құстар ұясының бұзылуына жол бермеуге, орманның тағамдық жабайы ресурстарын олардың ұлғайта өсірілуіне залалын тигізбейтін мерзімде және әдістермен жинауға міндетті.

## **VI тарау. Сүрек дайындау**

### **43-бап. Ормандарда ағаш кесу**

Ормандарда сүрек дайындау ағаш кесудің мынадай түрлерін жүргізу тәртібімен жүзеге асырылады:

1) толысқан және қураған сүрекдіңінде жүргізілетін басты мақсаттағы пайдалану;

2) аралық мақсатқа пайдалану (орманды күтіп-баптауға байланысты кесу, санитарлық мақсатта кесу және құндылығы шамалы орман ағаш екпелерін жаңғыртуға байланысты кесу);

3) ағаштарды басқа мақсаттарда кесу (су тораптарының, құбырлардың, жолдардың құрылысына байланысты, орман соқпақтарын тартқан кезде, өртке қарсы алаңқайлар жасаған кезде орман алаңдарын тазарту).

#### **44-бап. Бірінші топтағы ормандарда басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу**

Бірінші топтағы ормандарда сүректің жай-күйін, ормандардың экологиялық, су қорғаушылық, қорғаныштық, генетикалық, сауықтыру және басқа пайдалы табиғи қасиеттерін жақсартуға бағытталған, сондай-ақ бұл орайда толысқан сүрек қорын ұтымды пайдалануға мүмкіндік беретін басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу жүргізіледі.

#### **45-бап. Екінші топтағы ормандарда басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу**

Екінші топтағы ормандарда басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу ормандарды шаруашылық жағынан құнды ағаш тұқымдарымен қалпына келтіруге, ормандардың қорғаныштық, су қорғаушылық, санитарлық-гигиеналық және басқа пайдалы табиғи қасиеттерін сақтауға бағытталған, сондай-ақ бұл орайда оларды пайдалануды жалғастыра беруге мүмкіндік беретін әдістермен жүргізіледі.

#### **46-бап. Жекелеген қорғаныш категорияларындағы ормандарда және таудағы ормандарда ағаш кесудің ерекшеліктері**

1. Осы Кодекстің 41-бабының бірінші бөлігінде аталған қорғаныш категорияларындағы ормандарда орманды күтіп-баптау мақсатындағы ағаш кесуге және санитарлық мақсаттағы ағаш кесуге, ал өзендердің, көлдердің, су қоймалары мен өзге де су объектілерінің жағалауындағы тыйым салынған орман белдеулерінде (су жайылған жерлердегі жапырақты ормандарда) басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуге жол беріледі.

2. Басқа да ағаш кесулер, сондай-ақ осы кодекстің 41-бабының бірінші бөлігінде аталған қорғаныш категорияларындағы ормандарда шаруашылық құндылығы шамалы және қорғаныштық, су қорғаушылық және басқа да экологиялық қызметтерін жоғалта бастаған ағаштарды жаңғыртуға байланысты ағаш кесулер орман шаруашылығын басқарушы облыстық мемлекеттік органның рұқсаты бойынша жүргізіледі.

#### **47-бап. Сүрек дайындау тәртібі**

1. Сүрек дайындау, орман пайдаланушыларға кеспеағаш қорын бөлу және беру тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Ормандарда өсіп тұрған ағашты босатудың ережелерімен белгіленеді.

2. Басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу тәртібінде сүрек дайындау Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Ормандарда басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу ережелеріне сәйкес, ал аралық мақсатта пайдалану үшін ағаш кескен кезде Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органы бекіткен Ормандарда күтіп-баптау мақсатындағы ағаш кесу жөніндегі нұсқауларға сәйкес жүзеге асырылады.

#### **48-бап. Сүрек дайындау мөлшері. Кеспеағаш қоры**

1. Басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу тәртібінде сүрек дайындау есепті кеспеағаш шегінде жүзеге асырылады. Есепті кеспеағаш шегінен артық мөлшердегі сүрек дайындауға, сондай-ақ өскелең екпелерді кесуге тыйым салынады.

2. Аралық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу кезінде сүрек дайындау мөлшері орманды күтіп-баптау мақсатында ағаш кесудің белгіленген нормасына, санитарлық ағаш кесу мен құны шамалы орман ағаштарын жаңғыртумен байланысты ағаш кесудің қажетті көлемінде сүйене отырып, орман орналастыру материалдары бойынша, ал ағаштарды басқа мақсаттарда кесу кезінде құрылыс объектілері үшін орман алаңдарын тазарту, соқпақтар салу және басқа орман шаруашылық шараларын орындау жөніндегі жұмыстардың көлемі бойынша айқындалады.

3. Кеспеағаш қоры басты мақсатта пайдалану үшін сүрек дайындауға арналған толысқан сүрекдіңдер қорынан құралады.

Жыл сайын бөлінетін кеспеағаш қорының мөлшері қылқан жапырақты, қатты жапырақты және жұмсақ жапырақты тұқымдар бойынша деректерді саралай отырып, орман топтары бойынша бөлек-бөлек белгіленеді.

## **VII тарау. Шайыр дайындау**

### **49-бап. Шайыр дайындау**

1. Міндетті түрде шырын алу аймағындағы шайыр дайындау басты мақсатта пайдалану үшін кесуге арналған барлық толысқан ағаштарда жүргізіледі. Егер толысқан сүрекдіңде шырын алудың шикізат базасы бітсе, онда пісіп-жетілген ағаштардан шырын алуға жол беріледі, олар шырын алу мерзімі аяқталуына қарай кесу жасына жетеді.

2. Ағаштарды шырын алудан мерзімінен бұрын алып қоюға олардың санитарлық жай-күйі күрт нашарлаған немесе өрттен зақымданған жағдайларда ғана жол беріледі.

3. Шайыр дайындау Ережесін, сондай-ақ қылқан жапырақты ағаштардан міндетті түрде шырын алудың аймағын Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органы бекітеді.

## **VIII тарау. Қосымша орман материалдарын дайындау**

### **50-бап. Қосымша орман материалдарын дайындауға қойылатын жалпы талаптар**

Өнеркәсіптік ұқсату, орман кәсіпшіліктерін дамыту және халық мұқтажын қанағаттандыру үшін қосымша орман материалдарын дайындау орманға залал келтірмей жүзеге асырылуға тиіс.

### **51-бап. Қабық және ағаш көгерішін дайындау**

1. Қабық және ағаш көгерішін (қылқан жапырақтылар қылқаны мен жапырақты ағаш тұқымдарының бұтақтары) ағаш кесу тәртібімен шабылған ағаштардан ғана дайындауға жол беріледі.

2. Қабық және ағаш көгерішін дайындау мақсатымен өсіп тұрған ағаштардан кесуге тыйым салынады.

3. Қурап қалған және құлап жатқан ағаштардан қабық дайындау орман қорының бүкіл аумағында жүргізіле алады.

4. Өсіп тұрған ағаштардан бусоғар, сыпыртқы, тоқу материалдарын және сол сияқтыларды дайындауға Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органы бекіткен Ормандарда басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу ережелерімен, сондай-ақ Қосымша орман материалдарын дайындау жөніндегі ережелермен белгіленген тәртіпте жол беріледі.

## **IX тарау. Жанама мақсатта орман пайдалану**

### **52-бап. Жанама мақсатта орман пайдалануды жүзеге асыру шарттары**

Жабайы жемістер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер, емдік өсімдіктер мен техникалық шикізат, ағаш шырынын дайындап, жинау, ара ұялары мен омарталар орналастыру орманды ортаға залал келтірмей, Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органы бекітетін Қазақстан Республикасындағы Жанама мақсатта орман пайдалану ережелері белгілеген тәртіпте және шарттармен жүзеге асырылуға тиіс.

### **53-бап. Орман қорында пішен шабу мен мал жаю**

1. Шөп шабуға және мал жаюға мүмкін болатын алаңды орман қоры учаскелерінің иелері белгілейді. Шөлейттегі ормандарда мал жаюға осы Кодекстің 35-бабына сәйкес орман өсімдіктері өскен жерлерде жол беріледі.

2. Орман қорында шөп шабу және мал жаю ережесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

## **X тарау. Орманды мәдени-сауықтыру мен ғылыми-зерттеу мақсаттарында және аңшылық шаруашылығының мұқтаждарына пайдалану**

### **54-бап. Орманды мәдени-сауықтыру мақсаттарында пайдалану**

1. Халықтың тынығуын ұйымдастыру мақсатында жергілікті атқарушы өкімет органдары, орман қоры учаскелерінің иелері, сондай-ақ олармен келісе отырып, орман пайдаланушылар қала маңындағы аймақтардың сәулеттік жоспарлары мен санитарлық талаптарын орындап, орманды орта мен табиғи ландшафты сақтауды ескере отырып қала ормандарында, жасыл аймақтарда және тынығу мақсатындағы басқа да ормандарда орман учаскелерін көріктендіру және

халыққа мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету жөнінде шаралар өткізеді.

2. Орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру мақсаттарында пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

#### **55-бап. Орманды ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалану**

1. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін орман қорының иелері учаскелер береді, оларда орман пайдалануға шек қойылуы немесе толық тыйым салынуы мүмкін.

2. Орман қорының учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

#### **56-бап. Орманды аңшылық шаруашылығының мұқтаждарына пайдалану**

1. Орман қорының учаскелері аңшылық шаруашылығы мұқтаждары үшін заңды ұйымдарға және нақты адамдарға беріледі.

2. Жануарлардың бағалы түрлері мекендейтін ормандарда сүрек дайындауға табиғат қорғау органдарымен келісім бойынша жол беріледі. Жануарлардың сирек ұшырасатын және жойыла бастаған түрлерін құртуға немесе мекендеу ортасын бұзуға әкеліп соқтыратын сүрек дайындауға жол берілмейді.

3. Аңшылық шаруашылығы мұқтаждары үшін орман қорын пайдаланудың тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының Үкіметі Заңдарымен белгіленеді.

### **XI тарау. Қала ормандарына және шекаралық аймақта орман пайдалану ерекшеліктері**

#### **57-бап. Қала ормандарында орман пайдалану ерекшеліктері**

Қала ормандары ең алдымен мәдени-сауықтыру мақсаттарында және осы Кодекстің 41-бабында белгіленген шарттар негізінде халықтың тынығуы үшін пайдаланылады.

#### **58-бап. Шекаралық аймақта орман пайдалану ерекшеліктері**

1. Шекаралық аймақта орман пайдалану осы Кодекспен және Қазақстан Республикасының басқа да заңдарымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

2. Шекаралық аймақта орман пайдалану ерекшеліктерін Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органы шекара әскерлері командованиесімен бірлесе отырып белгілейді.

### **XII тарау. Орман биоценоздарының гендік қорын пайдалану. Өсімдіктер мен жануарлар әлемін интродукциялау**

#### **59-бап. Орман биоценоздарының гендік қорын пайдалану**

1. Қазақстан Республикасы аумағында орман биоценоздарының гендік қоры тек қана республиканың меншігі болып табылады және өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің генетикалық резерваттарынан, жылылықты қажет ететін екпелер мен ағаштардан және басқа селекциялық-генетикалық объектілерден тұратын шектеулі пайдалану тәртібіндегі жекелеген аймақтар түрінде бөлінеді.

Аталған аймақтарды ғылыми ұйымдар мен Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Орманның өсімдіктер мен жануарлар әлемі гендік қорының репродукциялық материалдарын басқа мемлекеттермен алмасу Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

### **60-бап. Орман өсімдіктері мен жануарлар әлемін интродукциялау**

1. Орман биоценоздарында өсімдіктер мен жануарлардың түрлері мен формаларын қалпына келтіру және ұлғайта өсіру жергілікті өсімдіктер мен жануарлар әлемінің таңдаулы өкілдерін реинтродукциялау жолымен жүргізіледі.

2. Орман биоценоздарына интродукциялау Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясымен және Қазақ ауылшаруашылық ғылымдары академиясымен келісім бойынша жүзеге асырылады.

## **Төртінші бөлім**

### **Ормандарды қалпына келтіру және орман өсіру**

#### **XIII тарау. Ормандарды қалпына келтіру және орман өсіру**

### **61-бап. Ормандарды қалпына келтіру және орман өсіру жөніндегі жұмысты жүргізу**

1. Ағаш кесілген жерлерде, өртеңдерде және басқа бұрынғы орман өскен алаңқайларда орманды қалпына келтіру жүзеге асырылады.

Орман қорының ағаш өсіруге жарамды деп табылған ормансыз алқаптарында аумақтың ағаш өсіруін арттыру, эрозия процестерін болдырмау және экологиялық жағдайды жақсарту мақсаттарында орман өсіру жүргізіледі.

2. Орманды қалпына келтіру жұмыстары ағаш өсіру жағдайлары мен экономикалық тиімділігін ескере отырып, шаруашылық тұрғысында бағалы ағаш тұқымдарынан неғұрлым қысқа мерзімде жоғары өнімді әрі төзімді ормандар жасауды қамтамасыз ететін экологиялық қолайлы әдістермен жүргізілуге тиіс.

3. Орманды қалпына келтіру және орман өсіру жөніндегі жұмыстардың ауқымы орман орналастыру және басқа жобалау ұйымдарының экологиялық сараптамадан өткен материалдары бойынша белгіленеді.

4. Орманды қалпына келтіру және орман өсіру, ағаш тұқымдарын дайындау және екпе көшеттерді өсіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу тәртібін орман

шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органдар белгілейді.

5. Ауыл шаруашылығы және басқа кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың жерлерінде орман өсіру жөніндегі жұмыстар арнаулы жобалау ұйымдары әзірлеген жобалар бойынша жүзеге асырылады.

**62-бап. Ағаш дайындаушылардың ағаш кесілген жерлерде орманды қалпына келтіру үшін қолайлы жағдайларды сақтауға бағытталған талаптарды орындау жөніндегі міндеттері**

Кеспеағаш орындарын әзірлеу кезінде ағаш дайындаушылар ағаш кесілген жерлерде ормандарды қалпына келтіру үшін қолайлы жағдайларды сақтауға бағытталған талаптарды орындауға, сондай-ақ ағаш тұқымы шикізатын жинаудың жүргізіп, оны орман қоры учаскелерінің иелеріне өткізуге міндетті.

**63-бап. Жерлерді мемлекеттік орман шаруашылық кәсіпорындарына, мекемелері мен ұйымдарына беру**

Оңтайлы орман өсуін, суаттардың жағалауларына ағаштың желектенуін қамтамасыз ету үшін және басқа қажетті жағдайларда орман қоры жерінің құрамына өзге категориялардағы жерлер, ең алдымен ауыл шаруашылығында пайдалануға жарамсыз (сай-жыралар, құмдауыттар, азып-тозған жерлер және т.б.) жерлер, сондай-ақ мемлекеттік жер қорының ағаш-бұталар басып кеткен жерлері берілуі мүмкін. Аталған жерлерді беру Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

## **Бесінші бөлім**

### **Ормандарды сақтау және қорғау**

#### **XIV тарау. Ормандарды сақтау және қорғау**

**64-бап. Ормандарды сақтау мен қорғаудың негізгі міндеттері**

1. Қазақстан Республикасында барлық ормандар сақталуға және қорғалуға жатады.

2. Ормандарды сақтау мен қорғаудың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) орман өрттерінің алдын алу, оларды дер мезгілінде анықтау және сөндіру жөніндегі шараларды жүргізу;

2) орманда жұмыс істейтін барлық адамдардың және осында орналасқан кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің, сондай-ақ орманда жүрген азаматтардың Қазақстан Республикасының ормандарындағы өрт қауіпсіздігі ережелерін орындауын бақылау;

3) ормандарды заңсыз кесуден, зақымдаудан, талан-таражға салудан және басқа орман талаптарын бұзудан сақтау, сондай-ақ орман қорының жерлерін сақтау;

4) ағаш дайындаушылардың өсіп тұрған ағашты босату ережелерін орындауын және орман пайдаланудың басқа түрлерінің ережелерін сақтауын бақылау;

5) орманның зиянкес жәндіктері мен ауруларының ошақтарын дер кезінде анықтау және оларға қарсы күрес;

6) орман қорының аумағында аңшылық ережелерін сақтауға бақылау, браконьерлікке қарсы күрес;

7) ормандардың сақталуын, қорғалуын, ұлғайта өсірілуі, мен ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ететін басқа да іс-әрекеттер.

3. Ормандарды сақтау және қорғау республикалық, сондай-ақ жергілікті бағдарламалар негізінде жүргізіледі.

### **65-бап. Жергілікті жерлердегі атқарушы өкімет органдарының ормандардағы өртке, орманның зиянкес жәндіктері мен ауруларына қарсы күресі жөніндегі ерекше өкілеттіктері**

Жергілікті жерлердегі атқарушы өкімет органдары ормандарда өрт шығуының алдын алу, өртке, сондай-ақ орманның зиянкес жәндіктері мен ауруларына қарсы күрес жүргізу мақсатында:

1) орман қоры учаскелерінің иелері мен орман пайдаланушылардың өртке қарсы алдын алу жөніндегі шараларды орындауын ұйымдастырады;

2) кәсіпорындарды, мекемелер мен ұйымдарды орман өрттерін сөндіруге қатыстыру тәртібін белгілейді, осыған тартылған адамдарды жүріп-тұру құралдарымен, тамақпен және медициналық көмекпен қамтамасыз етеді;

3) ормандарда өрт қаупі ерекше жоғары кезеңдерде өрт сөндірушілер бөлімшелерін құрады және олардың ұдайы әзір тұруын қамтамасыз етеді;

4) ормандарда авиациялық сақтауға және қорғауға пайдаланылатын ұшақтар мен тікұшақтар үшін аэродромдар мен қону алаңдарын салуға, ормандарды авиациялық сақтау бөлімшелері әрекет етіп жатқан аудандарға жанар-жағар май материалдарын жеткізуге жәрдем жасайды;

5) өрт қаупі жоғары кезеңде азаматтардың ормандарда болуына тыйым салады;

6) облыс, аудан аумағында орман өрттеріне, зиянкестер мен ауруларға қарсы күрес жөніндегі шаралардың үйлестірілуін қамтамасыз етеді.

### **66-бап. Орман қорына кірмейтін ағаш және бұта өсімдіктерін сақтау мен қорғау**

Орман қорына кірмейтін ағаш және бұта өсімдіктерін сақтау мен қорғауды олар өсіп тұрған жерлердің иелері мен жер пайдаланушылар, сондай-ақ жергілікті жерлердегі атқарушы өкімет органдары қамтамасыз етеді.

### **67-бап. Мемлекеттік орман күзеті**

1. Орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органдар жүйесінде ормандарды сақтау мен қорғау жөніндегі ұйымдастыру, шолу-күзету, насихаттық



және өзге шараларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік орман күзеті құрылады.

2. Мемлекеттік орман күзеті қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ормандарды сақтау және қорғау ережелерін, орман пайдалануды жүзеге асырудың белгіленген тәртібін, орман қоры жерлерін өз мақсаттарына сәйкес пайдалану тәртібін бұзуға жол бермеу және алдын алу жөніндегі, сондай-ақ орманға залал келтіретін басқа да әрекеттерге жол бермеу және алдын алу жөніндегі құқықтар беріледі.

3. Мемлекеттік орман күзетінің қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі белгілеген ережелерге сәйкес берілетін табельді қару алып жүруіне, Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген тәртіпте оны қолдануға құқық беріледі.

4. Мемлекеттік орман күзеті қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Мемлекеттік орман күзеті туралы ережемен және Орманшы туралы ережемен реттеледі.

## **Алтыншы бөлім**

### **Орман пайдалануға ақы төленетіндігі.**

### **Орман шаруашылығын қаржыландыру**

### **XV тарау. Орман пайдалануға ақы төленетіндігі**

#### **68-бап. Орман пайдаланғаны үшін ақы төлеу**

1. Осы Кодекстің 42-бабында көзделгеннен басқа жағдайларда орман пайдалануды жүзеге асыруға ақы төленеді.

2. Орман қоры учаскелерін пайдаланғаны үшін ақы орман ресурстарының сапасы мен арзанға түсуін, орман өніміне қолданылып жүрген бағаларды, бірақ олардың қолданылып жүрген кесімді бағадан кем болмауын ескере отырып белгіленеді.

3. Орман қорының жерлері үшін ақы Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес жүргізіледі.

4. Орманды пайдаланғаны үшін бюджетке ақы төлеу ставкалары, есептеу мен төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес белгіленеді.

**ЕСКЕРТУ. 68-баптың 3-тармағына өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.10.05. N 2488 Жарлығымен .**

**ЕСКЕРТУ. 68-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.12.24. N 276 Заңымен .**

#### **69-бап. Орман шаруашылығын ұтымды жүргізуді экономикалық ынталандыру**

Орман шаруашылығын ұтымды жүргізуді экономикалық ынталандыру осы Кодексте, орман шаруашылығы саласындағы өзге де нормативтік актілерде ормандарды ұлғайта өсіруге, сақтауға, қорғауға және орман пайдалануға

қойылатын талаптарды орындауға орман қоры учаскелері иелерінің, орман пайдаланушылардың мүдделілігін арттыруға бағытталған және ол мыналарды қамтиды:

1) орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органдар арқылы орман шаруашылығын дамытудың бағдарламаларын іске асыру үшін республикалық және жергілікті бюджеттердің немесе басқа да көздердің есебінен қаржыны мақсатты бөлу;

2) алынған нәтижелердің сапасы бойынша сараланған, өндірістік және әлеуметтік дамуға, сондай-ақ орман қоры учаскелерінің иелерін материалдық ынталандыруға арналған қаржыларды қамтитын нормативтер (бағалар) бойынша орман шаруашылық шараларына ақы төлеу;

3) орман қоры учаскелерінің иелеріне толық пайдаланылмаған кеспеағаш қорын және есепті кеспеағашын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Ағаш саудасы мен конкурстарын өткізу туралы ережеге сәйкес ағаш саудасы мен конкурстарды өткізу құқығын беру.

## **XVI тарау. Орман шаруашылығын қаржыландыру**

### **70-бап. Орман шаруашылығын қаржыландыру**

1. Мемлекеттік орман шаруашылық кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының орман шаруашылық қызметі, сондай-ақ орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органдарын ұстау республикалық бюджет және өзге де қаржылар есебінен қаржыландырылады.

2. Орман шаруашылығын қаржыландыру Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органы әзірлеген және Қаржы министрлігімен келісілген экономикалық жағынан негізделген нормативтер бойынша жүзеге асырылады.

### **Жетінші бөлім**

**Орман орналастыру. Мемлекеттік орман кадастры және орман қорын мемлекеттік есепке алу. Орман мониторингі**

## **XVII тарау. Орман орналастыру**

### **71-бап. Орман орналастыру**

1. Орман орналастыру орман шаруашылығы мен орман пайдалануды ұтымды жүргізуді, ормандарды, ұлғайта өсіруді, сақтауды және қорғауды қамтамасыз етуге, орман шаруашылығында ғылыми-техникалық саясат жүргізуге бағытталған шаралар жүйесін қамтиды.

2. Орман орналастыру кезінде мыналар жүзеге асырылады:

1) орман қоры аумағының шекарасын белгілеу және ішкі шаруашылық ұйымдастыру;

2) топографиялық-геодезиялық жұмыстарды орындау және ормандарды арнайы картографиялау;

3) екпе ағаштардың тұқымдық құрамы мен жас мөлшерін, олардың жай-күйін, орман ресурстарының сапалық және сандық сипаттамаларын айқындай отырып, ормандарды түгендеу;

4) күтіп-баптау мақсатындағы кесуді, санитарлық мақсаттағы кесуді, орман екпе ағаштарын қайта жаңғыртуға байланысты кесуді, орманды қалпына келтіру және орман өсіру, ормандарды сақтау және қорғау жөніндегі шараларды және басқа орман шаруашылық жұмыстарын жүргізуді қажет ететін орман қорының учаскелерін анықтау, сондай-ақ оларды жүргізудің көлемін, тәртібі мен әдістерін белгілеу;

5) ормандарды қорғаныш топтары мен категорияларына бөлуді негіздеу және ормандарды қорғаныштың бір тобынан немесе категориясынан екіншісіне көшіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

6) басты мақсатта пайдалану жөніндегі есепті кеспеағашты күтіп-баптау мақсатындағы кесудің орман екпе ағаштарын қайта жаңғыртуға байланысты кесудің, санитарлық мақсаттағы кесудің және орман пайдаланудың басқа да түрлерінің мөлшерін есептеп шығару;

7) осы Кодекстің 23-бабына сәйкес басты мақсатта пайдалану үшін кесілетін ағаштардың жасын негіздеу;

8) орман-биологиялық және басқа зерттеулер мен іздестірулер;

9) орман шаруашылығын жүргізу мен орман пайдалануға кешенді баға беру;

10) облыстардың және республиканың орман шаруашылығын ұйымдастыру және дамыту жөніндегі негізгі ережелерді әзірлеу;

11) орман шаруашылығын ұйымдастыру мен дамытудың жобаларын әзірлеу;

12) орман орналастыру кезінде әзірленген жобалардың жүзеге асырылуын авторлық қадағалау.

3. Экологиялық сараптамадан өткен орман орналастыру материалдары белгіленген тәртіпте бекітіледі және ол орман шаруашылығын жүргізу мен орман пайдалануды жүзеге асыру, ағымдағы және перспективалық жоспарлау мен болжамдау үшін негізгі ұйымдық-шаруашылық құжаттар болып табылады.

4. Қазақстан Республикасы орман қорының бүкіл аумағында орман орналастыруды бірыңғай жүйе бойынша мамандандырылған ұйымдар жүргізеді.

Орман орналастыру жұмыстарын жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасы орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органы белгілейді.

## **XVIII тарау. Мемлекеттік орман кадастры және орман қорын мемлекеттік есепке алу.**

### **Орман мониторингі**

#### **72-бап. Мемлекеттік орман кадастры және орман қорын мемлекеттік есепке алу**

1. Мемлекеттік орман кадастры және орман қорын мемлекеттік есепке алу орман қорын ұтымды пайдалануды, ормандарды ұлғайта өсіруді, олардың сақталуы мен қорғалуын ұйымдастыру үшін, сапалық және сандық өзгерістерді жүйелі бақылау үшін, заңды ұйымдар мен нақты адамдарды орман қоры туралы мәліметтермен қамтамасыз ету үшін жүргізіледі.

2. Мемлекеттік орман кадастрына орман қорының құқықтық тәртібі, оны иеленушілер бойынша бөлу, орман қорының сандық және сапалық жай-күйі, ормандарды қорғаныш топтары мен категорияларына бөлу туралы мағлұматтар жүйесі, орман шаруашылығын жүргізу, шаруашылық қызметі нәтижелерін бағалау үшін қажетті басқа мәліметтер жинақталған.

3. Мемлекеттік орман кадастры мен орман қорын мемлекеттік есепке алуды орман орналастыру, түгендеу мен зерттеу материалдарының негізінде Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органдары жүргізеді. Мемлекеттік орман кадастры мен орман қорын мемлекеттік есепке алудың құжаттамаларын орман қоры учаскелерінің барлық иелері жүргізеді.

4. Мемлекеттік орман кадастры мен орман қорын мемлекеттік есепке алу республика үшін бірыңғай жүйе бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

#### **73-бап Орман мониторингі**

1. Орман мониторингі ормандарды пайдалану, ұлғайта өсіру, сақтау және қорғау саласында тиімді басшылық жасау мақсатында орман қоры жай-күйін байқаулардың жүйесі болып табылады.

2. Орман мониторингі құрылымын, мазмұны мен жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

### **Сегізінші бөлім**

#### **Орман дауларын шешу және орман заңдарын бұзғандық үшін жауаптылық**

#### **74-бап. Орман дауларын шешу тәртібі**

1. Заңды ұйымдар, азаматтар арасындағы орман даулары сот тәртібінде шешіледі.

2. Қазақстан Республикасы мен басқа мемлекеттер арасындағы орман даулары екі жақтың келісімімен белгіленетін тәртіпте шешіледі.

## **75-бап. Орман заңдарын бұзғандық үшін жауаптылық**

1. Орман қорының учаскелерін сатып алу-сатуға, сыйға тартуға, кепілге беруге, өз бетінше иеленуге және айырбастауға, сондай-ақ орман пайдалануды жүзеге асырудың құқығын өз бетінше өзгеге беруге тыйым салынады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде аталған заңсыз мәмілелерді жасағаны үшін кінәлі адамдар, сондай-ақ:

- 1) ағаштар мен бұталарды заңсыз кескен және зақымдаған;
- 2) өрт салудың, отқа салақ қараудың салдарынан орманды құртқан немесе зақымдаған;
- 3) ормандарда өрт қауіпсіздігі мен санитарлық ережелер талаптарын бұзған;
- 4) орман қорын химиялық және радиоактивті заттармен, өндірістік қалдықтармен және сарқынды сулармен, өнеркәсіптік, коммуналдық-тұрмыстық төгінділермен, қалдықтармен және қоқыстармен зақымдаған немесе ластаған;
- 5) орман қорының уақытша берілген учаскелерін қайтару мерзімін бұзған немесе оларды мақсатына сәйкес пайдалану үшін жарамды күйге келтіру жөніндегі міндеттерін орындамаған;
- 6) орман дақылдарын, орман питомниктері мен плантацияларындағы екпе көшеттерді немесе тікпе көшеттерді, сондай-ақ табиғи жас өскіндерді, өрім шыбықтарды, сондай-ақ орманды қалпына келтіруге арналған алаңдарда өздігінен түскен тұқымды құртқан және зақымдаған;
- 7) ағашы кесілген жерлерде және орманды қалыпқа келтіру мен орман өсіруге арналған орман қоры жерлерінің басқа категорияларында ағаш өсіру тәртібі мен мерзімін бұзған;
- 8) орман қорының учаскелерін ағаш түбірінен тазарту, құрылыс салу, сүректі ұқсату, қоймалар салу, ара ұялары мен омарталарды орналастыру және басқа мақсаттар үшін тиісті рұқсаты болмай пайдаланған;
- 9) өз бетінше пішен шапқан және мал жайған;
- 10) жабайы жемістерді, жаңғақтарды, саңырауқұлақтарды, жидектерді және т.б. тыйым салынған немесе тек орман билеті бойынша ғана жол берілетін учаскелерде өз бетінше жинаған;
- 11) есепті ағаш кесуден артық мөлшерде сүрек дайындаған;
- 12) кеспеағаш қорын пайдаланудың, сүрек дайындау мен тасудың, шайыр және ағаш шырынын, қосымша ағаш материалдарын өндірудің белгіленген тәртібін бұзған;
- 13) орман үшін пайдалы жануарлар әлемін құртқан;
- 14) шектеу, орман орналастыру және орман шаруашылық белгілерін жойған және зақымдаған;
- 15) рұқсат құжаттарында көзделген мақсаттарға немесе талаптарға сәйкес келмейтін орман пайдалануларды жүзеге асырған;

16) ағаш кесетін жерлерді бөлу мен баға қоюдың белгіленген тәртібін бұзған;  
17) ормандардың жай-күйіне және ұлғайта өсірілуіне зиянды әсер ететін объектілерді салған және пайдаланған адамдар Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес тәртіптік, әкімшілік, азаматтық немесе қылмыстық жауапты болады.

3. Орман заңдарын басқа да бұзулар үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен жауаптылық белгіленуі мүмкін.

4. Заңды ұйымдар мен нақты адамдар орман заңдарын бұзу салдарынан өздері келтірген зиянды Қазақстан Республикасының заңдарына белгіленген мөлшерде және тәртіпте өтеуге міндетті.

#### **76-бап. Өз бетімен иеленген орман қорының учаскелерін қайтару**

1. Өз бетімен иеленілген орман қорының учаскелері олардың иелеріне заңсыз пайдалану кезіндегі шыққан шығындар өтелместен қайтарылады. Бұл орайды өз бетінше алып қоюдың салдарынан орман қорының иесі шеккен залал өтеледі.

2. Өз бетінше тұрғызылған құрылыстарды бұзу, жерлерді ағаш өсіруге жарамды күйге келтіру және орман алқаптарын қалпына келтіру кінәлі адамдардың есебінен жүргізіледі.

#### **77-бап. Орман қорына кірмейтін ағаш-бұта өсімдіктерін құртқаны немесе зақымдағаны үшін жауаптылық**

Орман қорына кірмейтін, осы Кодекстің 3-бабы екінші бөлігінің 4-тармағында көрсетілгеннен басқа, ағаш-бұта өсімдіктерін заңсыз жойғаны немесе зақымдағаны үшін кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа тартылады.

### **Тоғызыншы бөлім**

#### **Халықаралық шарттар**

#### **78-бап. Халықаралық шарттар**

Егер Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шартта Қазақстан Республикасының Орман кодексінде бар ережелерден өзге ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасының  
Орман Кодексіне қосымша

Қазақстан Республикасының Орман Кодексінде  
пайдаланылған негізгі орман терминдері мен  
анықтамалары

Ағаш сирек өскен жерлер - толымдылығы 0,1-0,2 мөлшерінен кем бірінші

және екінші класты жас ағашты қоспағандағы табиғи түрде қалыптасқан сүрекдің.

Ағаштың жинақталмаған дақылдары - тұқымнан немесе көшеттен өсірілген, бірақ орманды жерге отырғызылмаған дақылдар.

Ағаш кесілген жер - сүректің кесілген, ал жаңасы әлі кеспеағаш болып жетілмеген орман алабы.

Алаңқай жерлер - орман алқабының ағашы жоқ, орман өсімдіктері сақталмаған учаскесі.

Басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу - сүрек дайындау және орманды қалпына келтіру үшін толысқан және қураған сүректің кесуі.

Биоценоз - құлықтың немесе су айдынының белгілі бір, салыстырмалы түрде біркелкі учаскесін мекендейтін және өзара белгілі бір қатынастармен әрі айналадағы ортаның абиотикалық (биологиялық емес) факторлармен сипатталатын өсімдіктердің, жануарлар мен микроорганизмдердің жиынтығы.

Бос жатқан жерлер - орман жерінің (өртең, ағаш кесілген жерлер) 10 жылдан астам уақыт бойы ағаш өсімдіктері өспеген учаскесі.

Гендік қор - бір топ өнімдерінің (таралымының, таралымдар топтарының немесе түрдің) өздері шегінде белгілі бір жиі кездесуімен сипатталатын гендерінің жиынтығы.

Кеспеағаш - басты пайдалану мақсатындағы кесуге, орманды күтіп-баптау мақсатындағы кесуге және санитарлық кесуге бөлінген орман учаскесі.

Кесу айналымы - толысқан сүректің кесілген қоры толық қалпына келу циклы өтетін уақыт.

Кесу уақыты - ағашты нысаналы мақсатқа сәйкес кесу үшін белгіленетін толысқан сүректің жасы.

Қала ормандары - қала шегі ішінде өсіп, орман қорының құрамына кіретін ормандар.

Қорғаныш категориясы - орман қорының ерекше қорғаныштық, су қорғаушылық, санитарлық-гигиеналық, рекреациялық, ғылыми немесе өзге де арнайы маңызына байланысты бөлінген бөлігі. Бірыңғай мақсаттарға пайдалану үшін бөлінген барлық ормандар бір қорғаныш категориясына жатады, онда орман шаруашылығы мен орман пайдалануды жүргізудің белгіленген тәртібі сақталады.

Орман - бір-біріне жақын өсетін бір түрлі немесе көп түрлі ағаш өсімдіктерінен және биологиялық жағынан өзара байланысты, бір-біріне және сыртқы ортаға ықпал жасайтын басқа да көптеген организмдерден тұратын табиғи кешен.

Ормандағы өрт қауіпті мол маусым - күнтізбелік жылдың орман өрті пайда болуы мүмкін бөлігі.

Ормандарды мемлекеттік есепке алу - нақты ормандарды, олардың сапасы мен жай-күйін және оларда болып жатқан өзгерістерді есепке алу жөніндегі мемлекеттік шаралар жүйесі.

Орманды сақтау - орман өрттерінің, орманды өз бетімен кесудің және орман заңдарын басқада бұзудың алдын алу және оларға қарсы күресу жөніндегі шаралар жиынтығы.

Орманды күтіп-баптау мақсатындағы кесу - жоғары өнімді сапалы екпелерді қалыптастыру және сүректі дәл мерзімінде пайдалану мақсатында екпелер арасынан қажетсіз ағаштарды кесу және басты тұқымдардың жақсы ағаштары өсуі үшін қолайлы жағдай жасау жолымен жүзеге асырылатын орманды күтіп-баптау.

Орманды қолдан қалпына келтіру - бұрын орман болған алқаптарға ағаш егу.

Орманды қорғау - орманды зиянкестерден, аурулардан және қолайсыз жәйттердің әсерінен қорғау жөніндегі шаралар жиынтығы.

Орманды өңір - белгілі бір аумақтың ормандану дәрежесі, ол орман өскен жер мен оның жалпы көлемінің қатынасымен анықталады; процентпен белгіленеді.

Орман жері - орман қорының ағаш өсіруге арналған орманды және ормансыз жері.

Орманның генетикалық резерваты - түрді, қосалқы түрді таратудың генетикалық-селекциялық тұрғыдағы құнды бөлігі бар орман учаскелері.

Орманның санитарлық жай-күйі - орманның қоқыстануы, сола бастаған және қураған ағаштар туралы мәліметтер келтірілген сипаттамасы.

Орман орналастыру - ормандарды ұтымды пайдалануға, ұлғайта өсіруге, қорғау мен сақтауға, орман шаруашылығын жүргізу мәдениетін арттыруға бағытталған шаралар жүйесін талдап жасауды қамтамасыз ететін орман шаруашылығы қызметінің мамандандырылған түрі.

Орман питомнигі - ағаштың көшет материалын өсіруге арналған питомник.

Орман ресурстары - орманның сүректік және сүректік емес өнімдегі қорының , сондай-ақ оның табиғи пайдалы қасиеттерінің жиынтығы.

Орман соқпағы - ормандағы орман шаршыларының шекараларын белгілеу үшін ағаштардан тазартылып жасалған өңірлер.

Орман табысы - орманды шаруашылық мақсатқа пайдаланудан алынатын ақшалай түсім.

Өскін - орман етегінде өсіп, сүрек қалыптастыруға қабілетті табиғи түрде өсетін талшыбық, олардың биіктігі негізгі ағаштардың 1/4 бөлігінен аспайды.

Өртең - өртеніп кеткен немесе өрттен едәуір зақым келген өсімдіктер ( орманды қоса) учаскесі.

Санитарлық мақсаттағы кесу - орманның санитарлық жай-күйін жақсарту мақсатымен жүргізілетін кесу, оның барысында жекелеген ауру, зақымданған



және құрай бастаған ағаштар немесе бүкіл сүрекдің кесіледі.

Сүрекдің - екпе ағаштардың негізгі құрамы болатын ағаштар жиынтығы.

Шайыр - қылқан жапырақты ағаштар зақымданған кезде бөлінетін қоймалжың зат.

Шырын алу - ағаштардың өсіп-өнуі кезінде тіршілікке қажет өнімдерін ( шайыр, шырын және басқаларын) алу үшін ағаш діңіне жүйелі түрде арнайы зақым келтіру.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК